

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының жанындағы (PhD) философия докторы дәрежесін беру жөніндегі 6D040000 – «Өнер» Диссертациялық кеңесі бекіткен ресми пікір білдіруші, Философия PhD докторы, Тұран университетінің профессоры Көбек Гүлзаттың докторант Уразбаева Шарипа Нұрымбетовнаның 6D041600 «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми-техникалық дамуының сұраныстарымен) байланысы.

XIX-XXI ғасырлар кезеңінде болып жатқан қоғамдық өзгерістер мәдени-элеуметтік таптаурындар түсініктерінің трансформациясына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Гендер репрезентациясының өзектілігі жеке өмір аясында ғана қызығушылық танытып қоймай, сонымен қатар өнер, ғылым саласында және саяси қоғамда сананың жаңғыруымен ерекшеленеді. Кеңестер Одағы ыдырауының артынша пайда болған Тәуелсіз Қазақстанның да қоғамдық өмірі бір жағынан жаһандану үрдісінің ықпалымен, екінші жақтан жаңа конъюнктуралық жағдайға байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады. Жоғарыда атап өткендей, XXI ғасыр кезеңіндегі табиғи және элеуметтік өмірде орын алған ғаламат өзгерістер адамзаттың алдына жаһандық мәселелерді қойды. Осы тұста Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көрегендік танытып кезекті халыққа жолдауын: «Мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Ел» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Ал әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің бірден-бір маңызды аспектісі гендер көрсеткіші болып табылады. Бүгінгі таңда гендер мәселесі әлемдік кинематографта маңызды орын алады. Сонымен қатар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «кино – ұлттың айнасы», - деп айтып кеткеніндей кино саласы ең алдымен ұлттық ерекшеліктерді бере алатын бірегей құрал. Бұл тұрғыдан қарар болсақ фильмдер арқылы өндірілген бейне қоғамдық шындықтың құрылуына және гендер репрезентациясы жайлы ортақ көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді.

Осы тұста диссертант ұсынып отырған жұмыста заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялануы – еліміз егемендік алғаннан бергі жылдарда (1991-2016 жж. аралығы) түсіріліп, экранға шыққан отандық кино саласының өнімі. Қазақ киносындағы гендер репрезентациясын алыс

және жақын шетелдермен рухани, мәдени байланыста ғылыми негізге түсіру, кәсіби тұрғыда зерттеу, өркендеу сипатымен салыстыра саралау уақыт талабынан туындап отыр. Көрермендерді тәрбиелей отырып, оларға тұлғалық, идеялық, мазмұндық тұрғыда ой салуға мүмкіндік беретін, өткенді саралай отырып, болашаққа жарқын көзқарас қалыптастыратын кино өнерінің заманауи кезеңдегі қарқыны жылдам дамуда әрі оның көркемдік деңгейіне сұраныс арту үстінде. Осыған байланысты докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты зерттеу жұмысы сол сұраныстар мен шығармашылық талаптардың орындалу барысына толықтай жауап береді.

2. Докторанттың ізденіс жұмысындағы қол жеткізген әрбір нәтижесінің, қорытындылар мен тұжырымдарының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Заманауи кезеңдегі (1991-2016) қазақ киносындағы гендер репрезентациясын саралаған ғылыми зерттеудің әрбір нәтижесі, талдаудан алынған тұжырымдары мен қорытындылары қисынды түрде негіз алған.

1-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Қазақ киносының қалыптасуы, даму кезеңдеріндегі әйел репрезентациясының меңгерілуі, оның эстетикалық деңгейі мен кең ауқымды идеялық маңыздылығын танудағы ізденістері әлемдік ғылыми зерттеу талаптарына сай зерттелген. Осы тақырыпты қарастыру барысында Қ.Сиранов, К.Смайылов, Б.Р.Нөгербек, Г.О.Әбікеева, Д.Өмірбаев, Г.Наурызбекова, Н.Р.Мұқышева, Д.Б.Асымова, Г.А.Мүрсалимова, И.Т.Смаилова, Б.Б.Нөгербек, А.М.Айдар және т.б. танымал отандық кинотанушылардың еңбектеріндегі тұжырымдар назарға алынған.

2-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. «Репрезентация» ұғымының кинотеорияға қатысты сипаттық белгілері айқындалып, оның негізгі тұжырымдамалары қазақ киносында интерпретациялау сипатта талданып, теориялық және әдістемелік негіз ретінде Стюарт Холл, Маркс Вартофский, Шон Берн, Жак Деррида, Нельсон Гудмен және т.б. сынды шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық пайымдаулар зерделенген.

3-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Әлемдік кинематографтағы «әйел киносының» негізгі сипаттық белгілерін айқындап берудегі шешімдері, осы негізде қазақ киносы тарихында орын алған әйел режиссерлердің фильмдеріндегі өзара сабақтастық пен шығармашылық байланыстың маңыздылығын тануы, олардың режиссуралық қолтаңбасындағы рәміздік, философиялық, бейнелік шешімдер аталмыш жұмыста талдау әдісі бойынша зерделенген.

4-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Тәуелсіз Қазақстан қоғамындағы жалпы гендер саясатының қалыптасуы мен дамуын психология, философия, этнология, әдебиеттану, лингвистика және т.б. салаларда жазған отандық бірнеше ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, қазақ киносындағы әр кезеңде орын алған бейнелік үлгісі жүйеленген;

5-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Қазақ көркемсуретті киносындағы ер режиссерлердің әйел бейнесін жасаудағы ұтқыр шешімдері, суреткерлік қасиеттері, ұстанған қағидалары көркемдік – эстетикалық, рухани-танымдық контексте қарастырылып, ұлттық мәдениетке қосқан үлесі мен ықпалы бағаланған.

6-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Қазақстандағы әйел режиссурасының шығармашылығын арнайы зерттеу, идеялық қырларына үңілу жағы елеусіз қалдырылған. Сондықтан заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялану мәселесі ауқымында жаңаша көзқараспен әйел режиссурасының қоғамды көру, санасу және айтар ойына негізделген бағытын дәйектеу қажеттігі туындап отыр. Дариға Тналинадан кейін отандық кинода Лейла Аранышева, Шапиға Мусина, Әсия Сүлеева, Ұлжан Қолдауова, Айхан Чатаева, Әсия Байғожина, Жанна Исабаева, Гүлшат Омарова, Эля Гильман және т.б. жас буын әйел режиссерлердің фильмдеріндегі дүниетанымдық парадигмаларына назар аударылған.

3. Диссертациялық жұмыста «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптар шегінде қол жеткізілген ғылыми нәтижелері және тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже - (қағида) мен қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

1-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Осы уақытқа дейін қазақ киносында гендердің «репрезентациялану» мәселесінің әдістемелік жүйесі жасалмағандықтан, гендер түсінігіне байланысты әлемдік кинематограф пен кинотану ғылымындағы теориялық көзқарастар гендер туралы айтқан шетелдік және отандық ғалымдардың теориялары негізінде нақты тұжырымдар жасалған.

2-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Ақпараттық болмыс деп танылатын «Репрезентация» ұғымының кинотеорияға қатысты тұжырымдары қазақ киносында тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Бұл тәсілдерді меңгеру кинода бейне, сөз, типаж, стильдік пішін сынды сипаттық белгілерді кәсіби шеберлікпен қолдануға үлкен мүмкіндік тудырады.

3-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Қазақ еліндегі әйел режиссерлер туралы ақпараттар легі әлемдік кинотану деңгейінің көрсеткішіне көтерілуіне мүмкіндік беретін ерекшеліктері нақтыланған. Олардың фильмдеріндегі көркемдік негіздер және режиссерлік шешімдерінің деңгейі мен ерекшеліктері жүйелі түрде талданған. Ұлттық кинодағы әйел режиссерлер фильмдердегі экрандық бейнесінің көркемдік құрылымын құру механизімі талдана отырып, қазіргі кезеңдегі қазақ киносындағы гендерлік режиссураның негізгі тенденцияларын байқау және сипаттау назарға алынған.

4-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Гендер мәселесін түрлі салада зерттеген отандық ғалымдардың тәжірибе нәтижелері, зерттеу нәтижелерінің қоғамдағы нақтылық деңгейінің көрсеткіштеріне мән беру, жүйелі түрде санасып, үнемі сараптап отыруды әдетке айналдыру кино саласында тиімді болатындығы дәлелденген.

5-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялануы мәселесінің ауқымында қарастырылған фильмдердегі басты кейіпкерлердің гендерлік мінез-құлық, этникалық психология, пассионарлық қабілет ерекшеліктері ескерілген.

6-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациялану мәселесінің көрінісі арқылы отандық киноөндірісті дамытуды іске асыруға болады. Кино өнерін дамытуға мүмкіндіктер беретін қоғамдағы әйелдердің тұлғалық, іскерлік, адамгершілік, жауапкершілік сынды маңызды тұстарына көңіл бөлініп, жаңа стильдерді ескеретін шығармашылық ізденістер көрсетілген.

7-ші ғылыми нәтиже - жаңа. Әлемдік кинотануда орын алатын «әйел киносы» ғылыми терминінің қазақ кинотану ғылыми айналымына кірістірілу маңыздылығына кино тілін талдауға ұмтылған болашақ зертеушілерге аса тиімді болып табылатын ғылыми сөздік қоры глоссарий ретінде ұсыныс жасалған.

4. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу жұмысы үш тараудан, алты тараушадан тұрады. Әрбір тарау соңында тұжырым келтірілген. Зерттеу жұмысының ішкі құрылымдық бірлігі сақталып, тақырыптың алдына қойылған мақсаты мен міндеттері орындалған. Жұмыстың аппараты ғылыми тілде орындалып, нақты дәйектемелер келтірілген. Диссертацияның кіріспесі мен қорытындысында нысанаға алынған мәселелер легі толықтай тұжырымдалған.

5. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің ғылыми-теориялық және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған маңыздылығы.

Диссертациялық жұмысты жазу мен зерттеу барысында гендер «репрезентация» зерттеулерінің кино өнеріндегі теориялық негіздері, әлем киносы және қазақ киносының тарихындағы әйел режиссерлердің шығармашылығындағы кейіпкерлердің өмір сүру дағдысы, олардың фильмдеріндегі стильдік, пішіндік, режиссуралық ерекшеліктер, бейне жасаудағы көркемдік ізденістер алғаш рет ғылыми жүйеге енгізіліп отыр. Сонымен қатар, заманауи ұлттық кинода орын алған заманауи әйел бейнесінің тұстары да қарастырылған. Докторант Ш.Н.Уразбаева қазақ киносының өткеніне шолу жасай отырып, жаһандану талаптарына сай кино саласын жандандырып жүрген Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай қазіргі жастар киносына дейінгі фильмдердің режиссуралық ерекшеліктері мен көркемдік бағыттарына жан-жақты талдау жасайды. Бұл аталған кезеңдердегі отандық киноөндірісіндегі көркемсуретті фильмдерді тануға, материалдарды жүйелеуге, бағамдауға және түйіндеп ғылыми тұрғыда бір арнаға жинақтауға мүмкіндік тудырады.

Ғылыми жұмыстан алынған қорытындылар мен тұжырымдар жоғарғы оқу орындарындағы өнер саласы бойынша дайындайтын мамандықтарды, атап айтсақ кинотану, өнертану мамандандыруы бойынша оқитын студенттер, магистранттар мен докторанттардың теориялық білімін

ұштастыруға, гендер репрезентациясының теориясына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар еліміздегі өзге де салалардағы гендерлік зерттеу жұмыстарында, Қазақстандағы гендер мәселелерін талдап жүйелеуде, еліміздегі гендерлік саясатты жүзеге асыруда, мемлекетіміздегі жоғары оқу орындарында гендер мәселелері бойынша оқу бағдарламаларын құрастырғанда пайдалануға болады. Зерттеу жұмысындағы мәселенің ғылыми тұжырымы, бақылау нәтижелері мен қорытындылары өнертанушылардың, әлеуметтанушылардың тарихи-теориялық еңбектерінде ғана емес, сонымен бірге, Орта Азия киносындағы гендер мәселесіне қатысты ізденістер жүргізіп жүрген шетел ғалымдарына, отандық ғылыми жобаларында, жоғарғы оқу орындары оқытушыларының оқу-әдістемелік және зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.

Болашақта осы докторлық диссертация негізінде Батыс елдерінде кинодағы гендер зерттемелері маңызды оқу пәні болып табылатын, алайда әлі посткеңестік мемлекеттеріндегі киномектептерге пән ретінде кіре қоймаған *Cinema Studies* курсы бойынша арнайы курстар мен оқу-әдістемелік құрал жасап пайдалануға мүмкіндік бар.

6. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерінің, негізгі қағидасы, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялану деңгейін бағалайтын растама.

Ғылыми зерттеу жұмысының тұжырымдары мен ұстанымдары, ғылыми нәтижелері мен қорытындылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен арнайы басылымдарда жарық көрді. Сонымен қатар зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен алынған басты тұжырымдар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде барлық саны – 7, соның ішінде 1 мақала Үндістаннан шығатын SCOPUS тізіміне енген «Indian Journal of Science and Technology» импакт факторлы журналында; 2 мақала – Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясында; 1 мақала – Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналында; 3 мақала – отандық және шетелдік Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Докторанттың әртүрлі басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалалары мен баяндамалары диссертация жұмысының мазмұнымен өзара ұштасып, негізгі мақсаты мен міндеттеріне сай жүйеленген.

7. Аңдатпа деңгейінің диссертациялық жұмыс мазмұнына сәйкес рәсімделу бағамы.

Аталмыш диссертациялық жұмысқа жасалған аңдатпа қазақ, орыс, ағылшын тілінде орындалған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы, ішкі мазмұнымен сәйкестендіріліп, қол жеткізілген ғылыми жаңалықтар мен тұжырымдар стандарттарға сай рәсімделген.

8. Диссертациялық жұмыстың мазмұнындағы және рәсімделу тұстарында орын алған кемшіліктер көрінісі.

Сонымен қатар, аталмыш ғылыми жұмыстың мазмұны мен құрылымында жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, жіберілген олқылықтар да көрсетілді. Олар:

1-ескерту. «Гендерлік ұстаным контекстіндегі қазақ кино өнерінің өзіндік ерекшеліктері» деп аталатын екінші тараудың «Қазақстандағы гендерлік саясаттың ұлттық кинодағы бейнелік үлгісі және психоаналитикалық тұрғыдағы көркемдік шешімдер» атты бірінші тарауында көркемдік тәсілмен қатар салыстырмалы тұрғыдағы талдау тәсілін көбірек қолдану керек еді.

2-ескерту. Бұл диссертациялық жұмыста қазақ киносындағы әйел режиссерлерінің фильмдері салыстырмалы түрде алыс шетел әйел режиссерлерінің фильмдерімен көбірек талданған. Осы тұста көршілес Орталық Азия елдеріндегі әйел режиссерлерінің де қолтаңбасы мен өзіндік ерекшеліктеріне үлкен мән бере кеткен жөн.

3-ескерту. Диссертация мәтінінің кейбір тұстарында грамматикалық және техникалық қателіктер кездеседі.

Алайда мұндай кемшіліктер ғылыми жұмыстың құндылығына, мазмұны мен маңыздылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертация жұмысының Ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай орындалу деңгейі.

Докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты ғылыми диссертациясында алға қойған мақсаттарына толығымен жете алған. Бұл тұжырымды әрі өзекті еңбек, ғылыми деңгейге сай зерттелген, қазақ киносы саласында бұрын – соңды игерілмеген тақырып, нәтижесінде қол жеткізілген қорытындылар мен тұжырымдарының нақтылығымен құнды болып саналады. Аталмыш диссертациялық жұмыстың ғылыми дәлелділік деңгейі Ғылыми дәрежелер беру талаптарына сай жазылған.

Докторант Уразбаева Шарипа Нурымбетовнаны 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми пікір білдіруші:
Философия докторы (PhD),
Тұран университетінің профессоры**



Гүлзат КӨБЕК

Қолын
Г. Көбектің
Тұран
университетінің ҚКҚБ
бөлімінің бастығы
Ж.